

28 қазан
Жұма,
2022 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

«АСҚАҚТАЙ БЕР, АЙБЫНДЫ ҚАЗАҚСТАН!»

ӨТКЕН СЕНБІ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ 25 ҚАЗАН - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «АСҚАҚТАЙ БЕР, АЙБЫНДЫ ҚАЗАҚСТАН!» АТТЫ САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ. ОН ҮШ ЖЫЛДАН КЕЙІН МӨРТЕБЕСІ ҚАЙТАРЫЛҒАН ҰЛЫҚ МЕРЕКЕНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ҚОЙЫЛҒАН КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМАДАҒЫ АЛҒЫСӨЗ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВҚА БЕРІЛДІ.



Ауданымыз бойынша осы жылы атқарылған іргелі істермен, жеткен жетістіктер аталып өтілген мазмұнды баяндамадан соң аудан әкімі ауданымыздың дамуы мен өркендеуіне үлес қосып, тынымсыз еңбектерімен ерекшеленген ардагерлер мен өз қызметтерінде ерекше көзге түскен қызметкерлерді марапаттады. Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжановтың Алғыс хатымен қоғамның жаңа келбетін қалыптастыруға қосып жүрген зор үлесі үшін жеке кәсіпкер Сапура Мырзағалиева, облыстық мәслихат хатшысы Аманғали Нұғмановтың алғыс хатымен Ойыл

аудандық ветеринариялық стансасының басшысы Серік Сармұханов, «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин марапатталды. Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Жақсығали Иманқұловтың алғыс хатымен «Еңсеген» аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің басшысы Абат Еңсегенов, облыс әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханұлының Алғыс хатымен «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамы Ақтөбе Өндірістік Филиалы Ойыл газ шаруашылығы бақылаушысы Манар Базарова, облыс әкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусінованың

Алғыс хатымен Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің директоры Балқия Рысбаева марапатталды. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысы Алтынай Юнисованың алғыс хаты «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының меңгерушісі Айсулу Мәмбетова, Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Руслан Исмаевтың Алғыс хатымен бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Жанат Базарбаеваға берілді. Сонымен қатар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосқаны үшін бір топ еңбек арда-

геріне «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін тақты. Одан кейін бірқатар қызметкерге өз саласында қажырлы еңбегі үшін өз алғыс хатын табыстады. Салтанатты шарада көршілес Қобда ауданынан балалар өнер мектебінің «Кең дала» фольклорлық ансамблі өнер көрсетіп, халықты рухани шығармаларымен сусындатты. Айтулы шара әрі қарай аудан өнерпаздарының мерекелік концертімен жалғасты.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

АУЫЛДАҒЫ ҚУАНЫШ



25 қазан – Республика күні Саралжын ауылдық округіне қарасты Ақкемер ауылында шағын футбол алаңы ашылды. Ашыл салтанатында сөз алған "AMANAT" партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин ауыл тұрғындарының маңызы белек бүгінгі Ұлттық мерекемен құттықтап, ауыл жастарына доп тарту етіп, ауылының көркеюіне атсалысқан жастарға аудан әкімінің алғыс хатын табыстады. Ауыл ақсақалы Өтесін Қошқаров ауыл жастарының игілігі үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстарға ризашылығын білдірсе, мектеп оқушысы

Бекбол Бекжанов ағаларына өзінің жүрежарды лебізін жыр жолдарымен жеткізді. Одан кейін мерекелік салтанатқа жиналған жұртшылық ауыл жастарының жуырда ғана жерлес іні-қарындастарына тарту еткен балалардың ойын алаңы мен демеушілікпен жасқаталған хоккей кортын көрді. Мерекелік салтанаттан соң басталған футболдан 8 команда қатысқан аймақтық жарыс Республика күнінің алаңдағы "айқаспен" айышықтады. Шағын ауылдың қуанышына ортақта-са келген көршілері спорт денсаулық кепілі ғана емес, достықтың дәнекері екенін дәлелдеді.

МЕРЕКЕ КҮНГІ ЖӨРМЕНКЕ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ БІЗДІҢ АУДАНДА ДА КЕҢ КӨЛЕМДЕ ТОЙЛАНДЫ. «ТӨУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ АТЫНДАҒЫ САЯБАҚТА» МЕРЕКЕЛІК ЖӨРМЕНКЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, МЕРЕКЕНІҢ КӨРКІН КЕЛТІРІП, АЖАРЫН АЙШЫҚТАЙ ТҮСТІ.

Осы күні айтулы мерекеге орай шаруашылықтар мен жеке кәсіпкерлер және бірқатар сауда орталықтары ауыл шаруашылығы өнімдерін тұрғындарға төмен бағада ұсынды. Сапасы жоғары, бағасы қалтаға қойымды тауарларға сұраныс көп болды. Жөрменке сәресіндегі өнімнің басым бөлігі ет, сүт өнімдері мен тары-талқан, тұздалған көкөністер секілді өнімдердің түр-түрі болды. Жөрменкені тұрғындармен бірге аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы да аралап, тұрғындар мен кәсіпкерлерді егемен еліміздің мерейлі мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар осы ша-


рада ауданның әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне сүбелі еңбек сіңірген азаматтар марапаттан шет қалмады. «Ойыл ауданының Құрметті азаматы» Ғазиз Займолда Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжановтың «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен наградталса, медицина ғылымдарының докторы, профессор Базылбек Жакиев те марапатталды. Республика күні қарсаңындағы жөрменкенің өне бойында ән мен күй қалықтап, сахнада концерттік бағдарлама жүріп жатты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



ТУ ТҰҒЫР

ТӨУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ



Сейсенбі күні барша Қазақстан Халқы ұлттық мереке – Республика күнін атап өтті. Биыл 25 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнін ұлттық мереке ретінде белгілейтін заңға қол қойған болатын. Осы мерекеге орай аудан орталығында Ту тұғыры орнатылып, салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шараның шымылдығы Мемлекеттік әнұранымыздың орындалуымен ашылып, көк байрағымыз өз биігіне көтерілді. Салтанатты ашылуында аудан әкімі Асқар Қазыбаев барша жиналғандарды мерекемен құттықтап, мемлекетіміздің айшықты нышандарының бірі саналатын байрақ ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына тарту екенін жеткізді. Байрақтың ені 1,5 метр болса, Ту тұғырдың биіктігі – 18 метр. Бұл тұғыр алдағы уақытта ауданымыздың көрнекті орындарының біріне айналары сөзсіз.

ОСК МҮШЕЛЕРІ ЕЛІМІЗДІҢ 20 ӨНІРІНДЕГІ САЙЛАУҒА ЛАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫН ТЕКСЕРІП ШЫҒАЛЫ



ҚР Орталық сайлау комиссиясының барлық мүшесі еліміздің барлық өңірінде болып, сайлау науқанына дайындық барысын тексереді. Бұл туралы аталған комиссия төрағасы Нұрлан Әбдіров айтты. «Қазір Орталық сайлау комиссиясы жанынан сарапшылық кеңес жұмысын қайтадан жаңғыртып жатырмыз. Оның алғашқы отырысы 10 қараша күні өтеді. Ондағы негізгі мақсатымыз – осы жылдың маусым айында өткен республикалық референдумда байқаушы болған ЕҚЫҰ миссиясы есебін талқылау. Аталған есеп жақын-да қолымызға тиді», - деді Нұрлан Әбдіров Орталық сайлау комиссиясы жанындағы Жас сайлаушылар клубының отырысында. Осы орайда ОСК төрағасы 20 қарашада өтетін кезектен тыс президент сайлауына да ЕҚЫҰ миссиясынан 30 байқаушы ұзақ мерзімге келетіндігін айтты. Олар сайлау өткеннен кейін де біраз уақыт елімізде болмақ. Мұнан бөлек, қысқа мерзімді тағы 300 байқаушы республиканың барлық өңірінде сайлау үдерісінің өту барысын жіті бақылауда ұстамақ. «Сонымен қатар ертеңнен бастап менде, Орталық сайлау комиссиясының барлық мүшесі де 13 қарашаға

дейін Қазақстанның бүкіл 20 өңірін аралап шығамыз. Алға қойған мақсатымыз - істеліп жатқан жұмыстарды көзімізбен көру, қателіктер, кемшіліктер болса онда оны қолдан келгенше түзету. Жаңылыспасам, бізде 10 102 учаскелік сайлау комиссиясы бар. Жалпы, комиссия ашылып, жабылып жатады. Өйткені, елімізде көші-қон үдерісі бар. Бір өңірде сайлаушылар саны кемісе учаскені жабамыз, ал артып кетсе ашамыз. Себебі заңға сәйкес, бізде бір учаске 3 мың дауыс берушіге арналған. Одан аспауы керек», - деді ол. Нұрлан Әбдіровтың айтуынша, учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің 99 пайызы немесе 10 мыңнан астам адам басқа салада жұмыс істейді. Тек олар, сайлау науқанына ғана тартылады. Оларға негізгі жұмыс орындағы жалақы сақталып, сайлау үдерістеріне комиссия мүшесі ретінде қатысқаны үшін де айлық төленеді. Жалпы, кезектен тыс президент сайлауын өткізуге 20,5 млрд теңге қаражат бөлініп отыр. Бірақ бұл қаражаттың 80 пайызы учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің жалақысына төленбек.

Қазақпарат

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУҒА БӘРІ ДЕ ҚҰҚЫЛЫ!



Кеше аудандағы учаскелік сайлау комиссиясының мүшелеріне арналған семинар өтті. Семинарда облыстық сайлау комиссиясының мүшесі Нонна Валиулова мүгедектер, көзі көрмейтін, құлағы нашар еститін және сезімдік қабылдауы бұзылған және психикалық аурулармен ауыратын адамдардың сайлауға қатысу мүмкіндігіне қатысты, сонымен қатар олардың саяси және азаматтық құқықтарын қорғауға байланысты міндеттемелерді жүзеге асыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді таныстырып, олар-

ды жүзеге асыру жолдарын түсіндірді. Олардың сайлауға қатысуын жеңілдету үшін жағдайлар жасау бағытындағы жұмыстарды слайдтар арқылы көрсетіп түсіндірді. Одан кейін аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Болат Бақтыгереев комиссия мүшелеріне сайлаудың құжаттарын толтыру тәртібі мен сайлау кезінде орын алуы мүмкін жағдайларға байланысты комиссия мүшелерінің сайлау туралы заңның аясындағы әрекеті туралы түсіндірілді.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ХАТШЫСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ
IV - ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ
КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның, Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат хатшысы	Қазан – 31 күндері Қараша – 8,22,29 күндері Желтоқсан – 7, 21, 28 күндері Уақыты: сағ. 09:00 ден -12:00 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі №43	2-13-70

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА
БЖЗҚ ТҮРҒЫН ҮЙ МЕН ЕМДЕЛУГЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ
1,7 МИЛЛИОННАН АСТАМ ӨТІНІШІН ОРЫНДАДЫ

2022 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 2021 жылдың қаңтарынан бері БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалану туралы 1 333 421 өтінішін орындады. Уәкілетті оператор-банктерде ашылған қазақстандықтардың арнайы шоттарына БЖЗҚ 3,1 трлн теңгеден астам қаржы аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы – 2,4 млн теңге.

Орындалған өтініштердің ең көбі Алматы қаласының (17,61%), Астана қаласының (14,01%), Маңғыстау облысының (10,34%) тұрғындары тарапынан жолданған. www.eprf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде салымшылардың біржолғы зейнетақы төлемдерін қандай мақсаттарға пайдалануды жоспарлайтыны туралы егжей-тегжейлі ақпарат жарияланған. Мұндай ақпарат өкірлер бөлінісінде де берілген («Мақсаттар бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері» және тісінше «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері» шағын бөлімшелері).

Қазіргі уақытта зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға өтініштерді қабылдайтын уәкілетті операторлар: «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ болып табылады. Естеріңізге саламыз, біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті операторда («Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) ашылған арнайы шотқа түскеннен кейін алушы уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатын растайтын құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларының 13-тармағы аясында) ұсынады. Бұған тұрғын үй сатып алу немесе жеке тұрғын үй салу мақсатында (жеке тұрғын үй құрылысы деген нысаналы мақсаты бар жер телімін сатып алуды қоса алғанда) одан әрі

жинақтау үшін тұрғын үй құрылысына салымды толықтыру жатпайды. Бұл жағдайда алушы Отбасы банкіне біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатын растайтын құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап 3 жыл ішінде береді. Басқа уәкілетті операторлар (екінші деңгейдегі банктер) бойынша біржолғы зейнетақы төлеміне арналған өтініштер және алушының мақсаттары бойынша құжаттар банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіп пен мерзімге сай қаралады. Бұл ретте, банк біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомаларын өтініш берушінің (алушының) арнайы шоттарына есептелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде олардың нысаналы мақсаты бойынша біржолғы зейнетақы төлемдерін аударды. Уәкілетті операторға растаушы құжаттар белгіленген мерзімде берілмеген жағдайда, бұл қаражат БЖЗҚ-ға қайтарылады.

Алушы, сонымен қатар көрсетілген мерзімді күтпей-ақ, аударылған соманы уәкілетті операторға тиісті өтініш беру арқылы БЖЗҚ-ға қайтара алады. Оны уәкілетті оператор қайтаруға өтініш алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде орындауға міндетті. Атап кетейік, уәкілетті операторлардан салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) шамамен 454,6млрд теңге қаражат қайтарылды. Себебі, сұраным иесінің өтініші және өзге де себептермен қазақстандықтар біржолғы зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімде тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдаланбаған. Сонымен қатар, БЖЗҚ емделуге берілген 308,0 млрд. теңгеге 393 302 өтінішті орындады. Бұл ретте алуға болатын орташа сома шамамен 0,8 млн теңге. Салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-на уәкілетті оператордан («Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) 31,7 млрд теңге қайтарылды, бұл қаражат өтініш берушінің қалауы немесе өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланылмаған. Зейнетақы жинақтарын емделуге пайдалану жөніндегі өзекті статистиканы www.eprf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» - «Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдері» бөлімінен танысуға бола-

ды. Ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша, инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) 8,7 млрдтеңге аударылып, БЖЗҚ 5 882 өтінішті орындады. Аударымның орташа сомасы 1,5 млн теңге. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру бойынша егжей-тегжейлі статистика eprf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» - «Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру» бөлімінде жарияланған.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруға қатысты төрт ИПБ-мен шарт жасасты. Осы ИПБ туралы ақпаратпен eprf.kz сайтындағы «Қызметтер» - «Инвестициялық портфельді басқарушылар тізбесі» бөлімінде танысып, инвестициялық декларацияларын зерделеуге болады. Естеріңізге сала кетсек, БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылдың 3 ақпанындағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңға сәйкес, ИПБ инвестициялық басқаруды жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы. ИПБ сыйақысының шекті шамасы алынған инвестициялық табыстың 7,5% аспауы тиіс. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ-ның басқарушы органы бекітеді және ол жылына бір рет қана өзгеруі мүмкін. Салымшы зейнет жасына толғанға дейін Ұлттық Банктің басқаруында болатын зейнетақы жинақтарына инфляция деңгейі ескеріліп отыратын сақталу кепілдігі қолданылады. Зейнетақы жинақтары ИПБ-ның басқаруына аударылған жағдайда, мемлекеттік кепілдік басқарушы компанияның зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілік деңгейін қамтамасыз ететін кепілдігімен алмастырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігін негізге ала отырып, есептеледі.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

АРНАУЛЫ КОМИССИЯ
КӨШПЕЛІ КЕҢЕС ӨТКІЗІП,
31 ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТТІ



Еңбек Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің №3 медициналық-әлеуметтік сараптама басқармасы (МӨС) көшпелі отырыстар кестесіне сәйкес Ойыл ауданында көшпелі отырыс өткізіп, үш күн Ойыл аудандық ауруханасының базасында 31 қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Алдымен мамандарға арналып семинар-кеңес өткізіліп, онда Ойыл ауданының 2022 жылға арналған «Ересектер мен балалар арасындағы алғашқы мүгедектіктің өзекті мәселелері», сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар мен мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері талқыланды.

2021 жылғы 15 қарашадан бастап мемлекеттік қызмет электрондық

форматта пилоттық жобадан көрсетілді. Тісінше медициналық-әлеуметтік сараптамаға қорытынды сапалы деңгейде ресімделіп, яғни тексеру кезінде науқастың шынайы объективті жағдайы, бір айdan көшіктірмей мамандардың тексеру нәтижелері мен оңалту шараларының жоспары толтырылып, клиникалық диагнозда негізгі және қатар жүретін патологияның барлық асқынулары көрсетілуі тиіс.

Ал, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың кейбір санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 12 қазандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың кейбір санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен то-

лықтырулар енгізілді. Заң 2021 жылдың 24 қазанында күшіне енді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт КемелұлыТоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Зейнетақы жүйесін дамыту» Қазақстан халқына Жолдауы мен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2022 жылғы 28 ақпандағы № 77 бұйрығымен "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №26 бұйрығына енгізілген өзгерістер түсіндірілді.

Ойыл ауданына сапары барысында №3 МӨС бөлімі 2021 жылдан бері тірек-қозғалыс аппаратында ақауы бар мүгедек балаларға қызмет көрсететін «Ойыл ауданындағы мүгедектерді оңалту орталығы» қоғамдық бірлестігінің жұмысымен танысты.

ШӘКӘРІМ ҚАЖЫНЫҢ ДІН
ТУРАЛЫ ОҰ ТОЛҒАМДАРЫ

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ҚАЙ ЗАМАНДА БОЛМАСЫН АҚЫН, ЖЫРШЫ, ЖЫРАУ, АБЫЗ АҚСАҚАЛ МЕН КӨРЕГЕН ҚАРИЯ-ДАН КЕНДЕ БОЛМАПТЫ. VII ҒАСЫРДА ИСЛАМ ДІНІ ОРТА АЗИЯҒА КЕЛГЕН БОЛСА, ОДАН АЛДЫН БИЛІК ҚҰРҒАН ТҮРКІ ҚАҒАНЫДЫ ӨЗ АЛДЫНА БІР ТӨБЕ. ДІН ИСЛАМНЫҢ ОРТА АЗИЯҒА КЕЛУІМЕН ИСЛАМ ДІНІ ЖАҢАША КЕЙІПКЕ ЕНІПТІ ҮРЛЕНДІ. СОЛ СЕБЕБТІ БОЛАР ИСЛАМ ҒАЛЫМДАРЫ АРАСЫНДА ҚҰРАН МЕККЕДЕ ТҮСТІ, СТАМБУЛДА БАСЫЛДЫ, МАУЕРЕННАХРДА ТҮСІНДІРІЛДІ ДЕГЕН СӨЗ ҚАЛҒАНЫ.

Абай Хәкім:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек шын, көңіл
Өзгесі хаққа жол емес,- деп бір ғана ауыз сөзбен жеткізгені. Ал бүгінгі мақалаға арқау болған Шәкәрім қажы болса:
Хақ мұсылман кім болар,
Айтқан сөзі шын болар.
Рахым, ұят, ар, ынсап,
Төртеуі болса дін болар, - деп мұсылманның сипатын түсіндірді. Ел аузында «Хақтың разылығы халықтың ішінде» деген даналық сөз бар. Қандай да бір адамның дініне, тіліне, түр сипатына қарамастан қоғамның созылып, көмек беруде діннің негізгі талабы десек болады. Ал Шәкәрім қажы:

Адамдың борышын,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта оны біл,.....

Қайтадан қайырылып, қауымға келмейсің.
Барыңды, нәріді тірлікте бергейсің,
Ғыбрат алар артыңа із қалдырсаң.
Шын бақыт осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің, дегені жоғарыдағы ойымызды нықтағандай. Алла елшісі Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с) бастап дамыған «көміл адам» түсінігін уақыт өте келе әрбір көкірек көзі ашылған ғұлама түрлендіре келе негізгі ойдан ауытқымай, өз халініне дамытты. Мәселен Жүсіп Баласағұн жауан мәрттілік, құт ілімі десе, Иасауише хал ілімі, Абай жүрек ілімі деген. Ал Шәкәрім қажы «ар ілімі» деп ата-

ды. Ар ілімі – тек қана өз тағдырының алдында жауаптымын демей, барлық адамзаттың тағдырының алдында жауаптымын деп өмір сүруге шақырады. Адамзатқа ортақ бір-бірін қорқылауға, адамзатқа ортақ мүддеде өмір сүруге үндейді. Әрбір адам адамзатқа ортақ мүддені қорғауға, «адам» деген ұлы ұғымды қор етпеуге шақырады. Шәкәрім қажы – ұят мәселесін бірінші орынға қояды. Егер адам адамшылғын жоғалтса, оның өлгенімен бірдей. Барлық жазандар ар-ұят жазасы ауыр. Біреуді алдап өтірік айтуға болғанмен, адам өз-өзің алдап, өз ұжданының алдында орынсыз іске аяқ баса алмайды. Сол себепті қажының өлең жолдарының көп жерінде «ар-ұят, рахым, ынсап» сөздері кездеседі және имандылықтың өлшемі ретінде осы қасиеттерді қарастырады. Қорыта келгенде «Ар» адамның өз саты. Өзін-өзі жауапқа алып, таразыға тартқаны. Ынсапты, рахымды болу рухани тұрғыда жетілген мұсылманның сипаты. Ал ондай адам көңілі тоқ, мерейі үстем болмақ. Рухани жетілген келген адам Шәкәрім қажыны оқу және түсіну арқылы мақсатына жетпек.

Өмірдің өкінібейтін бар айласы,
Ой айла қиянатсыз ой тазасы,
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,
Таза жүрек, тату дос сол шарасы, - дейді.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» маманы.

ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕЖЕГЕ ЖЕТКІЗБЕІДІ!

БҮГІНГІ ТАҢДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – ЕЛІМІЗДЕГІ ҮЛКЕН МӘСЕЛЕЛЕРДІ БІРІ БОЛЫП ОТЫР. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІҢ БӨСЕКЕГЕ ҚАБЫЛДІЛІГІН ЕДӘУІР ТӨМЕНДЕТЕТІНІ, ҚОҒАМДА ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРҰДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ТЕЖЕЙТІНІ, ЕЛДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛІНЕ КӨЛЕҢКЕ ТҮСІРЕТІНІ БЕЛГІЛІ. ЕН БАСТЫСЫ АДАМДАРДЫҢ ҚОҒАМНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ НЕГІЗІНЕ, ЗАҢ МЕН ЕДІЛДІККЕ, ТҮТІПТЕ КЕЛГЕНДЕ, БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНІМІНЕ КЕРІ ӨСЕР ЕТЕТІНІ ХАҚ.

Жасыратыны жоқ, сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды. Өйткені, мұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік туғырады.

Қазір әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмін бірлік елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ер елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді. Осыған байланысты 2014 жылдың 26 желтоқ-

санында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» бекітілді.

Стратегияның мақсаты - мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» тәзімділік тауыту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ, Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз күзреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, мемлекеттік сектор, субъектілері және лауазымды тұлғалар жүргізуге міндетті. Қоғамның қабылданатын, оның ішінде біздің жастарды бақылау, мемлекеттік шенеуніктердің жемқорлық әрекеттерін анықтау және болдырмау жергілікті мәселелерді зерттеудің арқасында артады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық жігінің жүйелі түрдегі күш-жі-

гері қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселе әрқашан ел Президентінің назарында. Ел Президенті Қ.Тоқаев «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі» - деген болатын. Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуымен байланысты. Сондықтан да қоғамдағы қандай да болсын келеңсіздіктің алдын-алуы әрбір азамат өзінен бастаған жөн. Бұл ретте, Отанымыздың патриотымын деп есептейтін әрбір азаматтың еліміздің биік белестерді бағындыруы, мемлекетіміздің 50 дамыған елдердің қатарына кіруі сынды асыл мұраттарына қол жеткізуі Отан алдындағы еңбегін адал атқаруымен тікелей байланысты болмақ.

Ахмет АЛЕКЕШ,
«Көптоғай ауылдық округі өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ
ЕНПФ ИСПОЛНИЛ БОЛЕЕ 1,7 МИЛЛИОНА ЗАЯВЛЕНИЙ
КАЗАХСТАНЦЕВ НА ЖИЛЬЕ И ЛЕЧЕНИЕ

По состоянию на 1 октября 2022 года с января 2021 года ЕНПФ исполнены 1 333 421 заявления вкладчиков (получателей) на использование пенсионных накоплений для улучшения жилищных условий. На спеццитака-казахстанцев, открытые в банках-уполномоченных операторах, ЕНПФ переведено более 3,1 трлн тенге. Средняя сумма единовременных пенсионных выплат составила порядка 2,4 млн тенге.

Больше всего исполненных заявлений направлено жителями г.Алматы (17,61%), г.Астана (14,01%), Маңғыстауской области (10,34%). На сайте www.eprf.kz разделе «Показатели» размещена подробная информация - на какие цели казахстанцы планируют использовать единовременные пенсионные выплаты и в разрезе регионов(подразделы «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий по целям» и «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий», соответственно).

На сегодняшний день уполномоченными операторами, принимающими заявления на использование части пенсионных накоплений, являются АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк», АО «Народный банк Казахстана», АО «AltynBank», АО «Банк ЦентрКредит» и АО «Банк ФридомФинанс Казахстан». Подчеркнем, что после поступления единовременной пенсионной выплаты на спецсчет, открытый у уполномоченного оператора (АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»), получатель предоставляет уполномоченному оператору документы, подтверждающие целевое назначение единовременных пенсионных выплат в течение 20 рабочих дней с даты их поступления (согласно пункту 13 Правил использования единовременных пенсионных выплат для улучшения жилищных условий в соответствии с законодательством Республики Казахстан). Исключением является пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего жилищного или строительства индивидуального жилого дома (включая приобретение земельного участка с целевым назначением – индивидуальное жилищное строительство.

В данном случае получатель предоставляет в Отбасы банк документы, подтверждающие целевое назначение единовременных пенсионных выплат в течение 3 лет с даты их поступления. По другим уполномоченным операторам (банки второго уровня) заявления на единовременную пенсионную выплату и документы получателя по целям, рассматриваются в порядке и сроки, установленным внутренними документами банка. При этом, банк перечисляет единовременные пенсионные выплаты по их целевому назначению в течение 10 рабочих дней с даты зачисления сумм единовременных пенсионных выплат на специальные счета заявителя (получателя). В случае непредоставления уполномоченному оператору подтверждающих документов в установленный срок, эти средства подлежат возврату в ЕНПФ. Получатель также может вернуть в ЕНПФ переведенную сумму, не дожидаясь указанного срока, подав уполномоченному оператору соответствующее заявление, которое уполномоченный оператор должен исполнить в течение 3 (трех) рабочих дней с даты получения заявления на возврат от получателя. Отметим, что порядка 454,6 млрд тенге возвращено на индивидуальных пенсионные счета (ИПС) вкладчиков (получателей) от уполномоченных операторов в связи с тем, что единовременные пенсионные выплаты казахстанцами не были использованы в установленные сроки, по заявлению заявителя и иным причинам. Также ЕНПФ исполнены 393 302 заявления на лечение на общую сумму 308,0 млрд тенге. При этом средняя сумма изъятия составляет порядка 0,8 млн тенге. Вместе с тем, на ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ вернулось 31,7 млрд тенге от уполномоченного оператора (АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»), данные средства не были использованы в установленные сроки, по заявлению заявителя и иным причинам. Ознакомьтесь с актуальной статистикой по использованию пенсионных накоплений на лечение можно на сайте www.eprf.kz разделе «Показатели» - «Единовременные пенсионные выплаты на лечение». Управляющим инвестиционным


портфелем (УИП) по состоянию на 1 октября текущего года переведено порядка 8,7 млрд тенге, ЕНПФ исполнены 5 882 заявления. Средняя сумма перевода составляет порядка 1,5 млн тенге. Подробная статистика по передаче пенсионных накоплений в доверительное управление также доступна на сайте eprf.kz разделе «Показатели» - «Передача пенсионных накоплений управляющим компаниям».

На данный момент ЕНПФ заключены договоры о доверительном управлении пенсионными активами с четырьмя УИП. Ознакомьтесь с информацией о них и изучите их инвестиционные декларации можно на сайте eprf.kz в разделе «Услуги» - «Ресурсы управляющих инвестиционным портфелем». Напомним, что после получения пенсионных активов от ЕНПФ УИП инвестирует их в разрешенные финансовые инструменты, указанные в Правилах осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем, утвержденных постановлением Правления Национального Банка РК от 3 февраля 2014 года №10, и предусмотренные в Инвестиционной декларации УИП. Согласно Закону о пенсионном обеспечении, УИП имеют право на взаимное комиссионное вознаграждение за инвестиционное управление. Предельная величина вознаграждения УИП не может превышать 7,5% от полученного инвестиционного дохода. Фактическая величина комиссионного вознаграждения ежегодно утверждается органом управления УИП и может меняться не чаще одного раза в год.

В период нахождения пенсионных накоплений под управлением Национального Банка до достижения вкладчиком пенсионного возраста действует гарантия сохранности пенсионных накоплений с учетом уровня инфляции. При переводе пенсионных накоплений в управление УИП гарантия государства заменяется гарантией управляющей компании по обеспечению минимального уровня доходности пенсионных активов, который рассчитывается исходя из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление УИП, действующим на рынке.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

ТУБЕРКУЛЕЗ – ЭЛЕУМЕТТІК АУРУ ЕМЕС!



2022 жылдың 9 айында Ойыл ауданында туберкулез аурушандығының көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 21,5-ті құрады. Балалар арасында аурушандық көрсеткіші 17,1-ді құрап, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 1 есеге өскен. Өлім-жітім көрсеткіші тіркелген жоқ. Халық арасында туберкулез инфекциясының алдын-алуға бағытталған іс-шаралар департамент тарапынан денсаулық сақтау басқармасымен бірлесе жүзеге асырылады. Туберкулез ауруын ерте анықтап, дер кезінде емдеуді бастау мақсатында арнайы жоспарға сәйкес тұрғындардың осал тобы анықталып, олардың флюорографиялық тексерілуін жүзеге асырады. Тексеруге жататын (6105) тұрғындардың 98,9% (6039) флюорографиялық тексерумен, туберкулинодиагностикаға жоспарланған (3415) балалардың 99,0%-ы (3409) Манту сынамасымен, жаңа туған (60) нәрестелердің 100% (60) БЦЖ екпесімен, БЦЖ екпесімен қайта егуге жататын (241) 1 сынып оқушылары 100,0% ревакцинациялаумен қамтылды.

Туберкулез – ол инфекциялық ауру. Инфекция көзі науқас адам болып табылады. Сонымен қатар, туберкулез ауруына шалдыққан малға күтім көрсету кезінде де адамға жұғуы мүмкін. Көбінесе инфекция ауру адаммен жанасу болған кезде одан сөйлегенде, жөтелгенде, түшкіргенде бөлінетін туберкулез бактерияларының ауа тамшылары арқылы сау адамға жұғу арқылы тарайды.

Туберкулез ауруы салмақ тастау, тершеңдік, кеуде қуысындағы ауырсыну, жөтел, қан түкіру, жалпы әлсіздік, тез шаршау, ұзақ уақыт бойы дене қызуының көтерілуі сияқты шағымдардан басталады.

Туберкулездің алдын-алу, туберкулезге қарсы иммунитеттің дамуын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 Қаулысымен бекітілген Ұлттық екпелер күнтізбесіне сәйкес, медициналық қарсы көрсетілімдері болмаған кезде, туғаннан кейінгі алғашқы 2-4 тәулікте перинаталдық орталықтың (босандыру бөлімшесінің) егу кабинетінде «Кальметт-Герен бациллалары» вакцинациялануы тиіс.

БЦЖ вакцинасы сол жақ иықтың сырты бетінің жоғарғы және ортаңғы үштен бір бөліктерінің шекарасында нұсқаулықта аталған мөлшерде тек қана тері ішіне егіледі. Вакцинация (ревакцинация) жасалған балаларды МСАК көрсететін ұйымдардағы және мектептердегі педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері 1, 3, 6, 12 айдан кейін бақылау жүргізілуі тиіс. Перинаталдық орталықтан (босан-

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

дыру бөлімшесінен) БЦЖ екпесін алмаған нәресте ата-аналарының және бірге тұратын барлық адамдардың туберкулезге тексерілгендігі туралы МСАК көрсететін ұйым берген анықтама негізінде ғана шығарылады.

Сондықтан, босану үйлерінде БЦЖ екпесін алмаған (екпеден бс тарту немесе медициналық шектеулер т.б.) нәрестелердің барлық жаңа мүшелерінің туберкулезге тексерілуі қажет. Себебі, туберкулез инфекциясының алдын-алу мақсатында БЦЖ екпесі жасалмаған, иммунитеті жоқ жаңа туған нәресте таза ортаға бару қажет. Одан өрі туберкулезге қарсы вакцина егілгеннен кейін ағзадағы қалыптасқан иммунитетті күшейту үшін Ұлттық екпелер күнтізбесіне сәйкес республика бойынша бір уақытта оқу жылының бірінші айында (қыркүйек) 6 жастағы Манту сынамасы теріс туберкулез микобактериясы жұппаған дені сау 1-сынып оқушыларына БЦЖ вакцинасымен ревакцинациялануы қажет.

Халық арасында туберкулезді ерте анықтау үшін медицина қызметкерінің жолдамасымен тұрғындар жыл сайын флюорографиялық қарап-тексерулерден (15 жастан жоғары) өтулері тиіс. Балалар арасында туберкулезді ерте анықтау үшін туберкулинді Манту сынамасы қолданылады. Манту сынамасымен туберкулезбен ауыратын науқаспен қарым-қатынаста болған балалар, 2 айдан асқан балалар вакцинациялау және ревакцинациялау алдында және жоғарғы тәуекел тобындағы балалар тексерілуі тиіс. Ошақта туберкулез науқасы анықталған жағдайда екі апта мерзімде байланыста болған адамдар туберкулезге тексерілуі қажет. Ошақтағы балалар арасында індеттің алдын алу иммунитетін көтеру мақсатында санаторлық типтегі балалар мекемесінде сауықтырылуы тиіс. Сонымен қатар, індеттің алдын-алуға тиімді тамақтану (ет, сүт өнімдері, балық, дән тағамдары, көкөністер мен жидектерді асқа жеткілікті мөлшерде пайдалану), салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру белсенділігін арттыру, уақытында тынығу, темекі, ішімдік, есірткіден аулақ болу, жеке бас гигиенасы сақтау өте маңызды болып табылады.

Ең маңыздысы өз денсаулығыңызға ұқыпты болып жоғарыда көрсетілген аурудың белгілері анықталған жағдайда ауруды асқындырмай дер кезінде медициналық көмекке жүгіну қажет. Туберкулез диагнозы нақтыланған жағдайда дәрігердің ұсыныстарын сақтау, медициналық қызметкердің бақылауымен үзіліссіз ем қабылдау дертті толықтай емдеуге көмектеседі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"TabysOperating" ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 2022 жылғы 15 желтоқсанда сағат 16.00-де Ойыл ауданы, Көптоғай ауылы, Достық көшесі 6 (әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 2022-2024 жылдарға арналған Тамдықөл кен орны объектілерінен қоршаған ортаға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы бойынша өтеді. Жобалық құжаттама Бірыңғай экологиялық порталында [https:// ecportal.kz](https://ecportal.kz). Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ <https://ecportal.kz> қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімдеқ абылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар болса, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Конференция идентификаторы: 253 810 1026 .Байланыс коды 0ShUIN Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші "Tabys Operating" ЖШС. Ақтау қ, 13 ш а, №55 ф, №302 қ. тел. 87292203223, 87718270876. Жобаны құрастырушы: жеке кәсіпкер «Ecotime», Ақтау қаласы, 8-14-6. +77073301650.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «TabysOperating», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 16 часов 00 мин, 15 декабря 2022 года, по адресу: Уилский район, с Коптогай, ул. Достык 6, (здание акимата) проводится общественные слушание. Общественные слушания, в форме открытого собрания, состоятся по проекту нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в окружающую среду от объектов месторождения Тамдыколь, на 2022-2024 годы. Проектная документация на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz> .

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz> .


В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Идентификатор конференции: 253 810 1026 Код доступа: 0ShUIN

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик ТОО «TabysOperating» :Ақтау, 13 мкр, здание №55, офис №302. тел: 87292203223, 87718270876. Разработчик: И.П. «Ecotime». г. Ақтау, 8-14-6. тел. +77073301650.

КЕНЕЛЕРДІҢ ТҮРІ ДЕ, ОЛАРДАН КЕЛЕР КЕСЕЛ ДЕ КӨП!



Кенелер – топырақта, орман төсінде, әртүрлі уяларда, індерде, өсімдіктерде, тұщы суларда, теңіздерде тіршілік етеді. Паразиттік жолмен тіршілік ететін кенелердің 20 мыңнан астам түрі бар деп есептеледі. Бұлардың дене мөлшері 0,05-13 мм шамасынан аспайды. Тек қанға тойған кене мөлшері 30 миллиметрге дейін жетуі мүмкін. Көпшілік кенелердің медициналық және малдәрігерлік салада мәні бар. Кенелердің сан аулан топтары болады. Мысалы: жайылым кенесі, қамба кенесі, өрмеккене, мамықкене, шашкене т.б.

Жайылым кенелері адам терісінде, жабайы жануарлар мен ауылшаруашылығы малдарында паразиттік тіршілік етеді. Кенелер даму барысында әртүрлі жануарлардың қанымен қоректенеді.

Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесі эпизоотологиялық тексеру жұмыстарын Ақтөбе облысының Ойыл және Қобда аудандарының аумағында жүргізеді. Бұл аудандарда обаның және туляремияның негізгі сақтаушылары

және тасымалдаушылары кездеседі. Кенелерді өзен бойында өскен тал айналасынан және шөптесін өсімдіктердің бастарынан жалауша арқылы жинайды. Зертханаға әкелінген кеміріштер үстінен таралып алынады. Көктемде жергілікті тұрғындардың ауласындағы мүйізді ірі қара малынан кене жиналады. Жыл сайын шабындықтардан және өзен бойынан кене жиналып, Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің зертханасына әкелініп түрі анықталады. Жайылым кенелері D.marginatus кенесі. Мүйізді ірі қара малдан Hyalomma scupense кенесі жиналады. Кеміріштердің үстінен тарау арқылы Rhipicepalus schulzei және Gamazidae кенелері алынады.

2003 жылдан бастап аудандарда туляремия ауруының эпизоотиясы жыл сайын анықталауда. Аудан тұрғындарына аса қауіпті кенеден таралатын туляремия ауруына екпе жасалынады.

ГРАХИМОВА,
Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің зертханашысы.

ШАҒЫН КӘСІП ДАМЫМАЙ ШАЛҒАЙ АУЫЛДЫҢ ШЫРАЙЫ КАЛАЙ КІРЕДІ?

БҮГІНГІ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ҚАЙЫНДЫ, КӨСЕМБАЙ АУЫЛДАРЫНДАҒЫ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІНДЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ ОН АЙДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ БАЯНДАДЫ. ТҰРҒЫНДАРДЫҢ КӨТЕРІП ЖҮРГЕН МӨСЕЛЕЛЕРІ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫП КЕЛЕДІ.



Өткен кездесулерде көшелерді жарықтандыру мен ауылға балалар ойын алаңының қажеттігі айтылған еді. Тұрғындардың бұл тілегі шешімін тапты. Сонымен қатар, биыл ауыл жастары үшін хоккей корты салынады.

Қайыңды ауылдық округі Ойылдың іргелес Қобда, Темір аудандарымен шектесетін шалғай ауылы. Күре жолдан да жырақ. Сондықтан да, тұрғындардың жылдың кез-келген мезгілінде алға тартатын мәселесі жолдың жайы. Әрине, бұл мәселені шешу үшін ауданның өзінің күші жетпейді. Анабір жылдары ел үдере көшкенде «ықпал еткен» фактордың бірі де осы. Бірақ, облыс басшылығының қолдауымен биыл көтерме жолды орташа жөндеу қолға алынды. Яғни, жолдың жартысына қиыршық тас төселіп, қатқылдандыру жұмысы үшін былғғы жылы 340,9 млн. теңге бөлініп игерілді. Мердігер «Ақпан – 2030» бүгінгі күні былғғы жылға жоспарланған жұмысты аяқтауға таяу.

Әрине, бұл мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстар. Ал, тек малға иек артқан тұрғындардың тір-

лігі томаға-тұйық. Шынтуайтында мал да бағылмайды. Айдап сап. Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға ешкімнің құлқы жоқ. Ал, Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық Жоба бойынша Ойыл ауданына 85 грант бөлініп тұр. Бір гранттың көлемі – 400 айлық есептік көрсеткіш. Яғни, әр адамға 1225200 теңге беріледі. Қайыңды ауылдық округіне бөлінген 10 гранттың Ұлттық Кәсіпкерлік Палатасы арқылы «Бастау – Бизнес» құрсын оқып, жобасын қорғаған бір адам ғана алды. Осыдан-ақ, тұрғындардың ұмтылысын аңғаруға болады. Басқа округтерде кәсіпкерліктің негізін игеріп, грант алуға құлшынып тұрғандар көп... Аудан әкімімен кездесуде де мемлекеттің ұсынған мүмкіндігін пайдалануға ұмтылып тұрған адам болған жоқ. Халқымызда «Ауылына қарап, азаматын таны!» деген тәмісі бар. Тек мемлекеттің бергенімен ауылдың шырайы қалай кіреді?

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл – Қайыңды – Көсембай – Ойыл.

ЕСКЕ АЛУ



Ойыл селосы
Жұмбергенұлы Ғұсман
(01.11.1938ж -27.08.2021ж)



Аяулы ана, қимас бауыр
қызымыз Наурызова
Динара Асылбекқызы
(31.07.1993 ж - 03.11.2019 ж)

Ұлың өсіп келеді
Жігержаның артында,
Анасының батыр ұлы,
жігерлі өзі шыыңда
Үмітіңді ақтап,
әркез биіктерден көрінер,
Сендік мінез, табандылық,
қайсарлық бар бойында!
Сағыныштан сыздар жүрек,
сағынады ақ гүлін,
Енді кімге ақтарады
ауылы ана жан сырын,
Бауырлары іздеп барса,
кім ашады қақпасын,
Ардақты әке кімге арнайды
ақ тілегін, батасын.
Орны толмас ерекше едің,
бәрінен де бөлексің,
Жаратқанның жазғанына
амалын жоқ көнесің,
Желеп жебеп бізді әркез
панасында Алпаның,
Жатқан жерің жайлы болсын, жарық
болсын жәннатың!

Еске алушылар:
Ата анасы, бауырлары.

Ойыл аудандық білім бөлімі, аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы білім бөлімінің бас есепшісі Райгүл Елеусіноваға ағасы
Жұмабектің қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, отбасына және туыстарына көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Амангелді елді мекенінің дәрігерлік амбулатория жұмысшысы Асхат Жәлімұқановқа әкесі
Ойылханның қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының мейірбикесі Мысиева Ақманарға анасы
Шәмшияның қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1381 дана. Тапсырыс 1492
Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

СПОРТ СЕРІСІНІҢ МЕРЕЙТОЙЫ

ӨТКЕН СЕНБІ ВОЛЕЙБОЛДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ҮШ ДҮРКІН ЖЕҢІМПАЗЫ, ЖОҒАРЫ САНАТТЫ ҰСТАЗ, ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ВОЛЕЙБОЛ СПОРТЫНЫҢ АРДАГЕРІ МАҚСАТ СҰЛТАНОВТЫҢ 63 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ВОЛЕЙБОЛДАН МҒАЛІМДЕР АРАСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ АШЫҚ ТУРНИР ӨТТІ.



Турнирге Алға, Байғанин, Мұғалжар, Қобда, Хромтау аудандары және Ойыл, Ойыл-түлек ұстаздар командалары қатысты. Спорттық доданың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудан әкімінің құттықтау хаты, «Ойыл ауданының құрылғанына 100 жыл» мерекелік медалімен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының алғыс хатын табыстап, мерейтой иесінің иығына шапан жапты. Ойыл аудандық білім бөлімінің басшысы

Серік Меруенов пен білім қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Гүлмира Избағамбетова да мерейтой иесіне ізгі лебіздерін білдіріп, шипажайға жолдама ұсына, Ойыл қазақ орта мектебінің директоры Роза Ұлықпанаова бастаған мектеп ұжымы мерейтой иесіне ат мінгізді. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы Мыңжасар Досов аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдиннің құттықтау хатын жеткізіп, қазақы дәстүрге сай иығына шапан жапты. Құтты меймандардың

мерейтой иесіне деген тілектерінен кейін, жарыстың алғашқы ойындары да басталып кетті. Ойылдықтардың ыңғайына келетін волейбол ойыны қашанда жоғары деңгейде өтеді. Шәкірттерінің ұйытқы болуымен өткен тартысты ойында өз шеберліктерін көрсеткен Байғанин ауданы III орынға тұрақтаса, Хромтау ауданынан келген команда II орынды еншіледі. 7 команданың ішінен дара шыққан Ойыл-түлек ұстаздар командасы жүлделі I орынды иеленді.

ШЕРНИЯЗ АҚЫНҒА АРНАЛҒАН КЕЗДЕСУ ЖАСТАРДЫҢ ТАНЫМЫН КЕҢЕЙТТІ



Кіші жүзге аты мәлім Шернияз Жарылғасұлы Ойыл ауданы, Жарыпшыққан өзен бойын мекендеген Кете Жарылғастың шаңырағында дүниеге келген. Аргы атасы Байтілеу ауқатты болса да, өз әкесі шағын дәулетті, еті тірі ел ағасы болған. Шернияз жастық шағында ел өмірін,

халық тұрмысын жақсы біліп, олардың мұң-мұқтажын жете түсінген он бес жасынан бастап ділмәр шері атанған, адайдың атақты ақыны Абылдан бата алып, Қашаған ақынмен кездесіп сөз қағыстырған. Исатай мен Махамбет көтерілісіне саналы түрде қатынасып, өз заманының хан

алдында сыншыл, турашыл ақыны атанған. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, Алаш ғалымы Халел Досмұхамедұлы мен белгілі жазушы, драматург, аудармашы - Берқайыр Аманшиннің жазба деректері арқылы халық жадында мәңгі сақталып, қазіргі таңға дейін жеткен тарихи тұлға - Шернияз Жарылғасұлының туғанына 1254 жыл толуына арналған тарихи-танымдық шараны Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ұйымымен бірігіп өткізді.

Дүлат ИСАБАЕВ, Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ғылыми қызметкері

БАЛАЛАРДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАЙЫҚ!




Қазіргі заманда өмірге қауіп төндіретін жағдайларға тап болу өте жиі кездеседі. Балаларды далаға ойнауға, қонаққа жібергенде немесе үйде өздерің қалдырғанда олармен еш жамандық болмайды және олардың өміріне ешқандай қауіп жоқ деп үміттенеміз. Өкінішке орай, статистика балалардың кесірінен болатын өрттер, балалар өлімі орын алып жатқан өрттер жиі болып жатқанын көрсетуде. Балаларға өрт қауіпсіздігі жайында не білу қажет? Қай жастан бастап балаларды өрт кезінде емес, жану жағдайы кезінде өзін ұстау ережелеріне үйрету керек? Осындай сұрақтардың жауабы бір: балалық шақтан бастап балаларды өрт қауіпсіздігі ережелеріне үйрету керек. Мұндай ережелерді балаларға өз іс-әрекеттерін түсіне бастаған шақта үйреткен дұрыс. Балаңызбен ашық әңгімелесу үшін бірнеше минут бөліңіз. Балалармен өрт қауіпсіздігі туралы әңгімелесуді өрте жастан бастау керек. Балаға өрт «грамматикасының» негіздерін түсін-

діру үшін 3-4 жас оңтайлы деп есептеледі. Бастысы балаға ашық от өте қауіпті екенін, от жарақаттайтынын, ауыртатынын, тіпті адам өліміне әкеп соқтыру мүмкін екенін түсіндіру қажет. Бала жану және өрт жағдайлары болмай үшін өзін қалай ұстау керектігін немесе жану кезінде не істеу, істемеу керектігін білуі тиіс. Өрт шыққан кезде қалай айыршып қалмау керектігін балаларға үйрету біздің міндетіміз. Көбіне балалар өрт шыққан жағдайларда үрейленіп тығылып қалады. Мұндай жағдайда не істеу керектігін, өзін қалай ұстау қажеттігін және өзін қандай қауіп төніп тұрғанын білмеуінің себебінен бала өзін осылай ұстайды. Білім жоқта үрей туындайды. Ең бастысы үрейдің болмауы. Байсалды болсаң және ақылмен әрекет етсең қауіптен құтылу оңай. Ұрей мен сақалақтау – бұл үнемі ақылды шешім табу мүмкіндігін жоғалтады. Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігін ережесін ұстану арқылы, өз балаларыңыздың қауіпсіздігін қолға алыңыз. От, газ,

су және тұрмыстық химияны қауіпсіз пайдалануды өз мысалыңызда көрсете отырып, балаңызға қауіпсіздік мәдениетін үйретіңіз. Есіңізде болсын балаңыздың қауіпсіздігі тек сіздің қолыңызда екендігін ұмытпаңыз. Балаңыздың әр басқан қадамын қадағалаңыз, қайда және кіммен болатынын, сіз жұмыста болғанда, күні бойы қандай іспен шұғылданыатынын сұраңыз. Кешкі уақытта көшеде балаңыздың қадағалаусыз жүруіне жол бермеңіз. Балаларыңызбен жолға шыққан уақытта, автокөлік ішінде балаларды тасымалдау ережелерін қатаң сақтаңыз. Өз балаңызға жол жүру ережесін үйретіңіз. Жалпы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын ұстану өз қауіпсіздігі, денсаулығы мен өмірі үшін қажет екендігін балаңызға түсіндіріңіз. Өрт қауіп туралы ескішан есіңізден шығармаңыз және сізбен мұндай болмайды деген ойдан аулақ болыңыз!

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ БОЛАШАҚКА КАДАМ



1	A a	[a]	17	N' n
2	A' a'	[ə]	18	O o
3	B b	[b]	19	O' o'
4	D d	[d]	20	P p
5	E e	[e]	21	Q q
6	F f	[f]	22	R r
7	G g	[g]	23	S s
8	G' g'	[r]	24	S' s'
9	H h	[x], [h]	25	C' c'
10	I i	[i]	26	T t
11	I' i'	[u], [ü]	27	U u
12	J j	[ʃ]	28	U' u'
13	K k	[k]	29	V v
14	L l	[l]	30	X x

Жаратылысынан жаны таза, намысқой, сөзге шебер, бір ауыз сөздің қадіріне жете білген ата-бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы қандай болуы керек?! Өз елінің баға жетпес мұрасы, төлқұжаты, ұлттық мәдениетінің коды – ана тілін, яғни қазақ тілін жетік білетін, оның сан түрлі қыры мен сырына бойлай алатын тілдің жанашысы, жазу-сызуға сауатты, жетік тұлғасы атануы – үлкен борыш. Сөйлеу мен жазуды айқындап, ойда кемеіліне келтіріп, ортақ жетістікке айналуының негізгі көрсеткіші – жазу. Мәдениет те, әдебиет те – жазу арқылы дамитын ғылымның басты тетігі.

Әліпби ауыстыру – ана тілімізді басқа тілге (латын тіліне) алмастыру емес, тілімізді түлетіп, қоғам сұранысына сай ету, қолданыс аясын арттырып, осы заманғы ғылыми-техникалық тұрғыдан дамуға икемді тіл ету, тіліміз халықаралық сипат алады. Туыстас түркі тілдерімен қарым-қатынасты нығайту, заманауи техника тілін меңгеру үшін латын әліпбиін таңдауымыздың түпкілікті себебі – осы. Тіл табиғатын сақтап, даму заңдылығын бізді етіп, тілдің табиғи заңдылығына негіздеп, фонетикалық жүйесін реттеп, орфография қалыпқа келтіріледі. Мектеп қабырғасындағы кейбір теориялық ережелерді заңдастыру, қалыптастыру қажеті артады. Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғыру кезінде ең алдымен, ұлттық тілдің табиғатын, тазалығын сақтау, қазақтың дыбыстық жүйесін сол қал-

пында таңбалап бере алатын графиканы енгізу, ұлттық жазу мен тілдік қорды сақтап қалу. Жаңа әліпби бүгінде саны екі жүз миллионнан асатын түркі тектестердің басын қосатын фактор. Қазақ тілінің халықаралық деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді, әлемдік ақпарат кеңістігіне кіруге тиімді болады. Осының барлығы, елдігіміздің тұғырлы болуы мен ұлттық құндылықтарын сақтауға, рухани болмысының жандануы мен жаңғыруына тамаша жағдай туғызады.

Тұңғыш Президент Н.Назарбаев 2017 жылы латын әліпбиіне қазақ әліпбиінің жобасын әзірлеуді ұсынды, үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырды. Ал 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындау жоспарланды. Осыған орай, бүгінгі таңда латын әліпбиіне көшудің қызу қарқынды жұмысы басталып та кетті.

Республикалық, облыстық, қалалық, тіпті шағын аудандарда ұйымдастырылған ғылыми және өзге де түрлі іс-шаралар өтіп жатыр. Республика көлемінде өтіп жатқан конференциялар мен дөңгелек үстелдерде филолог ғалымдардың қатысуымен латын әліпбиіне көшудің тарихи, әлеуметтік, тілтанымдық негіздері жан-жақты талқылануда. Халықтың пікірін білу мақсатында түрлі зерттеулер жасалды. Латын графикасына оқушылар мен оқулықтарды әзірлеу, оқу орын-

дарында оқыту, сауаттылық деңгейін көтеру, қазақстандық білім беру саласы әлемдік білім беру мен заманауи кеңістіктегі артықшылықтарға жетіп, даму жылдамдығына ие болды. Латын әліпбиіне көшу – ана тіліміздің әлем деңгейіндегі ғылым мен білімге кірілуін, әлем қазақтарының рухани тұтастығын қамтамасыз ететін бірігей қадамның бірі деп есептеймін. Өрине бүгінгі ақпарат заманында латын әліпбиін қолдану – озық техника мен компьютер тілін меңгеруге жол ашады, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтеді.

Қазақстан Республикасы әлемдегі дамыған мемлекеттердің көшінен қалмау үшін латын алфавитін үйренуі, меңгеруі, оқытуы және сол алфавитке жазуға көшуге қажат жасауы заман талабынан туындап отыр. Латын графикасына көшу – өркениетті мәселе. Қазақ тілі жаңа дамуға мүмкіндік, бағыт алып отыр. Осы орайда Қазақстанның латынға көшуі – білім саласындағы орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы реформаман тығыз байланысты. Демек, бұл жаһандану кезеңінде ұлттық бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталған ұлттық білім жобасы деген ой тұжырымдалады.

Гүлнәр ЕРМАҒАМБЕТОВА, «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

Мой қуып кеткен жоқпыз ба?

СОҒҒЫ КЕЗДЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ АЙТЫЛЫП, СЫНҒА ІЛГІП ЖҮРСЕ ДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙШЫЛДЫҒЫ ӨЛІ ТІЗГІН ТАРТУҒА КЕЛМЕЙ ТҮР. ӨРІНЕ, МҰНЫМЫЗ ӨСТЕ ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙЫН КӨПСІНУ ЕМЕС, ЛАЙЫМ ТОЙДАН АЙЫРМАСЫН ДЕГЕНМЕН АПТАНЫҢ КЕМІНДЕ ЕКІ КҮНІН ТОЙМЕН ӨТКЕРЕТІН ЖАҒДАЙҒА ЖЕТКЕНІМІЗДІ ДЕ ЖАСЫРУҒА БОЛМАС. «ТОЙ ДЕГЕНДЕ КҮ БАСЫ ДОМАЛАЙТЫН» ҚАЗАҚҚА «ІРГЕЛІ ЕЛДЕР АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯМЕН ЖАРЫСЫП, ІЛГЕРІ КЕТПІ ҚАЛДЫ, БІЗДІҢ ДЕ ТОЙ ҚУАТЫН ЕМЕС, ОЙ ҚУАТЫН УАҚЫТЫМЫЗ КЕЛДІ» - ДЕУГЕ БАТЫЛДЫҚ КЕРЕК-АҚ.

Ертеректе халқымыз «Шілдехана», «Сүндет той» (оңтүстік жақта сүндет тойды «Ұлы той» деп бағалайды), баланың 13-ке толған «Мүшел жасын», «Үйлену тойын», 70-80-90 жас мерейтойларды және өмірден өткен қадірлі жандарға «ас беріп» рәсімін той той етіп өткізеді екен. Бұлардың қай-қайсысы да адам өмірінің ең маңызды кезеңдерін қамтитындықтан, «осы артық-ау» деп күмен тұтызуға келмейді. Бірақ, осының өзін асынып, ірілі-ұсақты қызық-қуаныштың бөріне шабылып той жасайтын әдет таптық. «Өлең де өлең, шеп те өлең» - демекші, тойдың өзін түрлендіріп, түлетіп жібердік. Тіпті қызды-қыздымен жаңа отырғысы келіп жүрген баланың өзін елеусіз қалдырмаймыз деп «Көтен-ботқаны» (осы дәстүрдің қайдан, қашан шыққанын білмеймін) тойлайтын болдық. Одан өзге «Іжас», «Тілашар», «бастауышты аяқтау», «мектепті бітіру», «оқуға түсу», «тәтті шай», «келін шай», «30-40-50 жас» деген секілді қуаныштың бөрі тойханалардың бизнесін дәуірлетіп, дәуренін жүргізіп тұр. Қазақтың ой ойлау түгіл, басқа тірлігін түгендеуге шамасы жетпей қалды. Сүрініп-қабынған қазақтан «Қайда барасың?», - десен, «Тойға барамын!», «Қайдан келесің?» - десен, «Тойдан келемін!» - дейтін халге жеттік.

Ал енді осы «тойшылдық дегеніміз қазақтың тойынғанының белгісі ме?» - деген сауал туындаса, күмілжіп қалатынымыз тағы рас. Өрине, тойғанынан секіріп, шетелде той жасайтын қалаларды да көз көріп жүр. Мейлі ғой, қудыретің жетсе, тіпті айға ұшып, той жаса, ешкім тәйт демейді. Өкінішке қарай, шама-шарқы жетпесе де қарызға белшесінен батып, бай-бағланнан бетер той жасайтындар тойдан кейін өмір барын естен шығарып алатын болғары керек. Әйтпесе, той тарқап, қызығы басылған соң қарызын өтей алмай, бір күндік қызық үшін мың күндік азап шегіп жүрмеген болар ма еді?.. Әзім күй болған бір ғана жайды айтайын. Ағайындарымыздың жалғыз баласы бар еді. Өскерден келе сала әй-шай жоқ, танысқан қызын жетектеп әкеліп, ата-ананың қарсылығына қарамай үйге кіргізді.

Өздері несие төлеп, бірді-бірге әрең жалғап отырған отбасы, амал жоқ, «жалғыз ұлдың тойында шаппаған-да» деп тағы да қарызға кіріп, ұлан-асыр той жасады, құдалығын шақырды. Ақыры не болды? Бала жұмыс істемейді, келінде жоғары білім жоқ, қысқа жіп күрмеуге келмейді. Отбасында күнде ұрыс-керіс. Ақыры мінезі шайлау келін күйеуін ертіп, үйден кетіп тынды. Қарызға балшесінен батып, жылап-еніреп ата-ана қал-

ды. Әке-шешеді жазық жоқ, жалғыз ұлдың қызығын атқарып бере алмасақ, қайтіп жер басып жүреміз деп намысқа тырысып, тырындап әлек. Әттең, сол жалған намыс, елдің сөзі дегенді жыпы қойып, 60-70 адамға орташа той өткізсе, дәл бұлай тығырыққа тірелмес пе еді, кім білген... Қазақ «Көрпеңе қарай кесіп» дейді. Алайда, бұл күнде әр алуан жиын-тойдың сән-салтанатын кіргізу үшін кісіні көбірек шақыру етек алып барды. Мұның өзі ашық бәсекеге, даңғойлыққа, дарақылыққа айналуға. Тойға 500-600, тіпті одан да көп қонақ шақыру дарақылық емей немене? Қыруар шығын шығарғанша, қонақ санын етене жақын туыс-тумалармен, еңбектес сыйластарымен шектеп, үнемделген қаражатты, мәселен, отау тікен қыз бен ұлдың қажетіне жұмсаса, игілікке жаратса ше?..

Жә, бәзбіреулердің «тойды көпсіну ырымға жаман, құдай өзі жеткізеді, той көп бола берсін» деген уәжине де тоқтайық. Ендеше тойдың мән-мағынасына ерекше мән беріп, неге рухани азық болар өнеге-тағлымға бет бұрмасақ? Тойға адам асабының арзан әзілдерін тыңдап, секеңдеп билеп қайту үшін емес, күнделікті күйбегі тірліктен демалып, рухани әсер алып қайту үшін баруы керек. Бір-бірінен айырып алғысыз жаттанды тойлардан кейде шаршап шығасың. Мағынасыз жаттанды тілектер, ер мен әйелдің би жарысы, ас ішіп, аяқ босату... Бүгінгі қазақтың тойын қысқаша осылай суреттеуге болады. Міне, сондықтан да халық тойдан жалыға бастағандай.

«Тойға шақырмаса екен деп отырмаңыз. Зейнетақымыз, еңбекақымыз тек тойға жұмсалып жатыр» деген әңгімелерді соңғы кезде жиі естимін. Мойындау керек, ары тартса, бері жетпей, бекірт тартса, ары жетпейтін қымбатшылық қос өкпеден қысып тұрғанда тойға қуанып баратындар аз, көбі ағайынның көңілі үшін ұялғаннан барады. Соңғы кезде сәбилерін топырлатып ілестіріп бару да үрдіске айналып бара жатқандай. Үйдігі немерелердің шуынан шаршап шығып, демаламын деп келгенде, бірін-бірі қуалай ойнаған балалардың даусынан ойын бөлініп, тіпті мазан қашып отырады. Әдетте балаға арналған тойда, тойды аты баланікі де, заты үлкендерге ауысып кететіні бар. Әсіресе, балаға арналған «Шілдехана», «Туған күн», «Тұсау кесер» тойлары осындай. Той иесі – бүлдіршін айдалада сырт қалады да, үлкендер өзімен-өзі болып, қызықтап, қиқулап жатады. Кішкентай баланың құлағына кіріп шықпайтын қиын ұғымдарды, күрделі пәлсапаны

қарша боратып сөйлейтін ересектер оның көңілін қалдырады, бала дастархан басынан тезірек тойып, далаға жылыстағысы келеді. Немесе назардан тыс қалған бала құлап бір жерін жарақаттап алып жатады. Есің біліп қалған бала тойы өзі теңдестері ортасында өтсе ғана қызық. Осы орайда, тойды уақытында бастап болмайтын тағы бір теріс әдетіміз атамай өтуге болмас. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырымызда ең қымбатымыздың бірі ол – уақыт. Барлық дүние-тірілігімізді ысырып қойып, той тойлауға қаншама уақытымыз кетіп жатыр?! Әсіресе, тойға барғанда бір-бірімізді күтіп, екі-үш сағатымызды жоғалтамыз. Тойға шақырылған уақытында барып, уақытында той қаражатты, мәселен, отау тікен қыз бен ұлдың қажетіне жұмсаса, игілікке жаратса ше?..

Той – өткендегі ізіліктер мен жақсылықтарды озық дәстүрлерді жаңғыртып, жалғастырып отыратын тәлімі мол мереке. Той – аға мектебі. Той – тамашада талай жезтаңдай, күміс көмей әншілер, орақ тілді, от ауызды шешендер, түйгені мол білімділер, көпті көрген көне көздер, ел ардақтылары, ардагер еңбек ерлері мен майдан батырлары ой-толғаныстарын ортаға салады, тәлім-тағлымға толы әңгімелерін айтады. Кейде он кітаптан таба алмайтын ой-пікірлерді, адамгершілік ғибабатын бір той үстінде естіп-білуің, кейкіңе қондыруың ғажай екен. Сөйлегендер егеді, тыңдағандар орады.

Той – адам тану мектебі. Той адам еңбегін қастерлеу мектебі. Той өткізу анау айтқан жеңіл-желпі, жүрдім-бардым шаруа да емес. Той-тамашаны көңілден шығардай, ұмытылмай есте ұзақ қалардай етіп өткізу үшін талай нәрсең алдын-ала білу қажет. Өткен екі жылда, яғни, пандемия уақытында халық тойсыз, кәдімгідей етек-жеңін жинап, тойдан да өзге дүниелерге ден қойып, көңіл бұра бастағанын мойындап, сезініп алып жүрді. Өкінішке қарай, ол күндерді тез-ақ ұмытып, ескі сүрлеуге қайта түсіп алдық. Пандемия сабақтары да қызге әсер етпеді.

«Қазақтың тойы бітіспесін» деп белгілі әншінің әнінде шырқалып жүргендей, әрине, Жаратқан бізді той-қуаныштан жазбасын! Әр тойдан көңілдерге із қалады.

Сол іздер ізгілік, жақсылық іздері болуы тиіс. Тойға барсақ, уақытымыздан ұтылмай, рухани байлыққа «тойып» қайтайықшы!

Ғазиза РАХМЕТОВА, ардагер ұстаз, Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Ақжайық ауылы.